Бекітемін:
Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен»
бөбекжай - бақшасы МКҚК
*меңгерушісі* ______
*Б.Е.Ташмағанбетова*

Келісемін:
Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы
Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің
______
*...Байқобаев*

# *Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Мойынқұм ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы МКҚК жұмыстық оқу жоспары 2023-2024 оқу жылына арналған*

*Биназар ауылы*

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен » бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының оқу жоспарына**

**Түсінік хат**

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының 2023 -2024 оқу жылында «Балдәурен» бөбекжай-бақшасында әдістемелік нұсқаулық хатқа сүйене отырып,білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, 3 тамыз 2022 жылдың т № 348 бұйрығынын

1 қосымшасы , мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР.БҒМ 220. 12.2012ж №557 ) бұйрығына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сүйене отырып мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік жоспарына мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (30-қазан 2018 жылғы№595 бұйрығы)

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасынан әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жоспар құрылды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібінің әрбір сәтінің ұзақтығы, балаларды «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы (ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 9-шілдеде 2021 жылғы №59бұйрығы ( Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 №137

Қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамыту моделі басшылыққа алынды.

**Ұйымдастырылған іс –әрекет:**

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға , патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу,қауіпсізмінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтың ойын түріндегі балалар әрекеті ойын,қимыл, танымдық,шығармашылық,зерттеу, еңбек,дербес) арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген іс-әрекеті.Балалардың жас ерекшелігін отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту,әндерін жаттау, импровизация ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету,түрлі тәрбиешілер әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту , сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтттарымен

дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым қатынасты игерту ұсынылады.

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасында 55тәрбиеленуші бар Жас ерекшеліктеріне қарай 3-топқа бөлінеді Кіші 1-ші «Құлпынай » тобында-15 тәрбиеленуші, кіші 2-ші «Балапан» тобында-15 тәрбиеленуші, ортаңғы «Күнщуақ» тобында - 25тәрбиеленуші тәрбиеленуде.